

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.III. – Б.249-252

## **ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ БОЛЖАМДАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Накибова А.Н., 4 курс студенті  
Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Әлеуметтік экономикалық процестерді тиімді басқару формасын пайдалана отырып, бизнес пен мемлекеттің ара қатынастарын мемлекеттік меншіктік серіктестікті айтады. Қазіргі кезде Қазақстан мемлекеттік жеке серіктестігін дамуына ол белгілі бір қызығушылыққа ие.

Ел бойынша талдау көрсеткендей аз ғана уақыт ішінде Қазақстанда мемлекеттік жеке серіктестіктің алуан түрлі және перспективалы мемлекеттік жүйесі құрылған.

Бұл жүйеге кіретіндер: жеңілдіктер мен кепілдіктер, преференциялар және несиелер түрінде мемлекеттік қолдау, қаржыландыру құралдары, концессия түрінде шарттар құралдарының жұмыс істеуі, әр түрлі сервистік келісім шарттар белгілеуімен, инфрақұрылымдық құралдарын енгізу ЕЭА мен индустриалдық зоналар және технопарктер тәрізді, сонымен қатар заңды тұлғалардың капиталдарында мемлекеттің көмегімен корпоративтік құралдарды пайдалану, инфрақұрылымдық облигацияларды пайдалану арқылы қор нарығының жұмыс істеуі.[5, с. 5]. Бұл жүйе өз мақсаттары мен жүзеге арысу алгоритміне ие болып шет елдердің дамыған инвестициялық жүйелерінің ұстанымын теңестіруге тырысады.

Алайда ескерсек көптеген МЖС мақсаттар Қазақстанда талқыланбаған. Олардың арасында: капиталды көп қажет ететін нысандарды қаржыландыру кезінде тәуекелдерді тарату, сонымен қатар әлеуметтік маңызды бағыттырын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік бюджетті жеңілдету және әлеуметтік маңызды бағыттары мен мемлекеттік функцияларын жүзеге асыру үшін бюджет саясатының назарының аудару және елімізде жеке капитал тарту арқылы мемлекеттік мүлік нысандарын басқару оптималды тетігін құру мәселесі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік – жеке меншік серіктестік сызбасы бойынша айтарлықтай ауқымды жобаларды бастамашылық жасайды. Оларды іске асыру үшін кедергі болып кемелсіз құқықтық базаның және тиімді инвестициялық құралдарының болмауы болуы мүмкін.

Халықаралық тәжірибені талдау МЖС белсенді түрде экономиканың инфрақұрылымдық салаларында және оның ішінде әлеуметтік салаларында дамып отырғанын көрсетеді. Е.Семенованың аналитикалық шолу қызықтырады. МЖС ең дамыған елдерінде білім саласында және денсаулық

сақтау саласында қолданылатының көрсетеді. Өйткені осы салаларда актуалды әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған масштабтық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін бизнес пен мемлекеттік қарым қатынасы қажет. [6, с.106]. Сонымен қатар ескерсек, МЖС жобалар әлеуметтік салада ереже ретінде «құрылыс-мазмұны» сызба негізінде жүзеге асырылады. Бұл сызбаға сәйкес құрылыс нысаны құрылыс аяқтағаннан кейін немесе МЖС келісім шарттар уақыты аяқталғаннан кейін мемлекетке беріледі. Осы үлгі деңсаулық сақтау саласында онымен қатар білім сала мен спорт, қала аумақтар мен рекреация зоналарды даму саласында, халықтың әлеуметтік қорғалмаған бөлімдеріне көмек көрсетуде және тағы басқа салаларында жиі пайдаланылады.

МЖС қатысу бизнестің мотивациясы бұл бизнестің әлеуметтік жауапкершілікті жоғарлату ретінде нақты пайда, қаржылық немесе материалдық емес табыс алу. Ал мемлекеттің МЖС қатысу басты себебі бұл жеке бизнестің қорларын тарту арқылы халықтың өмір сүру сапасын жоғарлату.

Ескере отырып, Қазақстанда МЖС механизмдер «100 мектеп пен 100 ауруханаларды құру» жоба шеңберінде әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін алғашқы рет пайдаланылған. Бұл жобаның жүзеге асыру сызбасы келесі: Мектеп пен денсаулық сақтау нысандарды құру тапсырыс беруші - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі және Оңтүстің Қазақстан аймақтың әкімшілігі, ал тапсырыс орындаушы және жобаға ере жүруші «ФУР «Қазына» АҚ (қазір – «ФНБ «Самрук-Қазына» АҚ). Осы жобаны жүзеге асыру үшін республикалық бюджетінен 504,3 млн теңге типтік жобаларды құрылыс алаңға байланыстыру үшін 44 мектепті құруға жұмсалған. Сонымен қатар 174,2 млн теңге 150 төсек орынға арналған, қалалық перинаталдық орталықты құру үшін және Алматы қаласындағы 260 төсек орынға арналған аймақаралық туберкулезге қарсы диспансерді құруға жұмсалған. [2].

Шынында осы жобалар мемлекеттік сатып алу келісім шарттарының негізінде жүзеге асырылған, яғни бизнес құрылымдар жағынан инвестициялық тіркемелер жасалынбаған. Соңдықтан, МЖС механизмдерді әлеуметтік салаларында әрі қарай пайдалануды қарқындету үшін «Балапан» Бағдарламасын қазіргі кезде жүзеге асыруда. Бұл жобаның мақсаты жеке меншік жанұя балабақшалар мен шағын орталықтарды құру арқылы сонымен қатар осындай орталықтарды ашу үшін процедураларды жеңілдетумен 2020 жылға қарай 100 пайыздық мектепке дейін біліммен балаларды қамтуды қамсыздандыру. «Балапан» Бағдарламасы шеңберінде МЖС негізінде мектепке дейін ұйымдарды ашылуы мен құруы жоспарланған болатын. Осы мақсаттарға республикалық бюджетінен мемлекеттік

білім беру тапсырыс орнатуды қаржыландыруымен жүзеге асырылған.

«Балапан» Бағдарламасының жұмыстарын жүзеге асырылуы 2015 жылға қарай мектепке дейін жастағы балаларға тәлім – тәрбие, білім беру үшін 662,4 мың балаға мүмкіндік берді. «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды қаржыландыру көлемі 2010-2014 жылдарға 95,9 млрд. теңге құрады. Оның ішінде республикалық бюджеттен – 92,3 млрд. теңге, аймақтық бюджеттерден – 3,6 млрд. теңге.

«Балапан» Бағдарламасы метепке дейінгі жастағы балаларды ұйымдастырылған тәрбие мен оқуды қатамасыз етуі келесі жолдармен жүзеге асырылады:

– жеке инвестицияларды тарту арқылы және аймақтық бюджеттер мен мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттар арқылы тепе-тең шарттарға сәйкес балалардың мектепке дейінгі ұйымдарды құру;

– шағын орталықтарды ашу, бұрын приватизациядан өткен балабақшаларды қайтару, жеке меншік балабақшаларды білім саласының мектепке дейінгі ұйымдарда жеке меншік формасына қарамастан құру қосымша мемлекеттік тапсырыс арқылы ынталандыру.

Мектепке дейінгі ұйымдарында орындардың жетіспеушілікті жою мақсатында 40,7 млрд. теңгеге 18,4 млн. орынға 82 балабақшаны құру жоспарланған болатын. Сонын ішінде – мемлекеттік бюджеттен – 39,3 млн теңге жұмсалған және аймақтық бюджеттерден бірлесіп қаржыландыруымен 1,4 млрд теңге бөлінген.

Осы зерттеуге қызықты дәлел болып құрылыс нысандарды құру бойынша Қарағанды аймақтың әкімшілігімен «Қарағанды аймағы бойынша МЖС аймақтық орталығы» АҚ көмегімен тәжірибелі болып табылады. 2010 жылы Қарағанды қаласында 2 балабақша салынды, Теміртау қаласында 320 орынға есептелген 2 балабақша құрылды, Бұқар Жы- рау аймағында Доскей аулында 140 орынға балабақша салынған болатын. 2011 жылы регионда 20 балабақша құрылысы басталған болатын, оның ішінде 15 балабақша МЖС шеңберінде. [7, с. 52].

Жалпы алғанда, әлеуметтік саласы: білім саласынан, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет салаларынан, әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік көмек), әр түрлі әлеуметтік қызметтерден тұрады. Ал білім беру мекемелер, медициналық орталықтар мен ауруханалар, көше шамдары, қоқыс шығару, әлеуметтік тұрғын үй – бұл МЖС бағдарламаның басқару келісім шарттар мен концессиялық үлгілерге негізделген басты нысандары.

Қазақстанда пайда болған тәжірибеге сүйінсек, әлеуметтік қызметтерді көрсету басылым жағдайда мемлекеттік және муниципалдық субъектілеріне тағайындалады. Мемлекеттік емес басқару субъектілеріне осы қызметтер мемлекетпен әлі берілмеген. Сондықтан біздің ойымызша МЖС-тен ең перспективті нәтижелерді алу бұл біздің азаматтарымызға сапалы әлеуметтік қызмет көрсету. Осыған байланысты осы зерттеуде басты екпінді әлеуметтік қызметтерді көрсету ғана серіктестіктердің варианттарымен жасалынады. Осындай серіктестіктің мақсаты болып әлеуметтік қызмет көрсетудегі тиімділікті жоғарлатқаны мүмкін. Ал бұл серіктестіктің тапсырысы тұтынушылардың денсаулығы мен өмірге субъективті құқықтардың қорғауы және құқықтану саласындағы әлеуметтік қызметтер нарығының құруы болып табылады.

Қазақстанда МЖС әлеуметтік салада өзектілігі оның дамуының төмен деңгейімен себептеледі. Бұл сектор көптеген жылдар бойы тікелей мемлекеттік басқарудың ныса- ны болып қазіргі кезде қойылған әлеуметтік экономикалық даму тапсырмаларды жүзеге асыру үшін әр түрлі қорларда үлкен көлемінде қажеттілігін қажетсінеді.

Жалпы және әлеуметтік саладағы ең өткір мәселе бұл тұрақты және жеткілікті бюджеттік қаржыландырудың жоқтығы. Осы мәселе қызмет көрсету сапасының нашарлауына және оның көлемінің азаюына әкеледі. Бірақ сонында қоғамның қажеттілігі көбейеді, қызмет көрсету сапасына халықтың талаптары өзгереді, тиісінше ұйымдардың қызметінің әлеуметтік экономикалық тиімділігіне және қызметтер көрсетудің сапасына мемлекеттің талаптары жоғарланады. Қарама-қайшылық қалыптасқандай осындай жағдай кәсіпкерлік құрылымдардың қорларын тартуымен ғана шешілетін болады.

Айта кету керек, әр түрлі МЖС форманың пайдалануы жобаның шарттарымен анықталынады және жобаның нақты қатысушыларымен, инвестициялық үлгімен және жобаның басқа ерекше шарттарымен байланыста болады. Сонымен қатар, әр түрлі әлеуметтік салаларында МЖС қазіргі заманның даму бағыттары бұл мемлекет пен жеке сектордың қатысуымен ғана емес бірақ әр түрлі саудалық емес ұйымдардың қатысуымен серіктестіктің дамуы болып табылады.

Әлеуметтің салада МЖС механизмінің қалыптасуында институттардың дамудың қалыптастыруында тұрады. Осы институттарға жататындар келесілер: әр түрлі қорлар, кластерлер, технопарктер және тағы басқа. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей МЖС алдында күрделі тапсырмалар тұр. Оларды шешу үшін арнайы институттар қажет. Сондықтан институционалды серіктестік пайда болады. Сонымен, әлеуметтік салада бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін МЖС әр түрлі комбинациялар, мемлекеттік мақсаттық бағдарламаларға бірлескен жобаларды енгізу, ведомстволық бағдарламалардың қабылдануы және даму институттарды тартуы қажет.

Мемлекет тарапынан кепілдіктерге назар аудару бұл Қазақстанның тәуекелді нарықтар тәрізді басым ерекшелігі. Бизнес өз тарапынан мемлекеттен максималды түрде кепілдіктерді жүктеп басқару әдістеріне және институттарына толық сенбейді. Ал мемлекетке керегі жеке меншітерді міндеттемелермен және тәуекелдіктермен көп жүктемеу өйткені бұл салмақты инвесторға жол бермейді. Басқа жағынан санаусыз кепілдіктер мен төлем міндеттемелерге тым жомарт болу қауіпті, өйткені бұл басқарусыз қаржылық тәуекелдіктерге және бюджеттен жоспарламаған төлемдерге әкеледі. Бұған дәлел болып Ла-Манш тоннель құру бойынша МЖС сәтсіз жобасы. Бұл жобада мемлекет толық жауапкершілікпен міндеттемелерді тек бизнеске жүктеген.[9].

Осы аталған үш факторлардың қосындысының жағдайында МЖС жобалары шынында мүмкін. Басқа жағдайларда жоспарлар қағаз үстінде қалады.

Сонымен, Қазақстанда әлеуметтік саласындағы МЖС механизмінің пайдалану тәжірибесі бастапқы кезеңінде. Қазіргі кезде бағдарламалық құжаттар серіктестіктің концессиялық форманы даму бойынша іс шараларды құрайды, бірақ МЖС үлгі спектрі толықтай қарастырылмаған. Шетелді тәжірибе көрсеткендей бұл спектрдың денсаулық сақтау, білім, туризм, спорт және мәдениет салаларында сәтті түрде пайдаланылады.

Біздің ойымызша, әлеуметтік саласында МЖС ары қарай жедел дамыту үшін ең алдымен оның пайдалану саласын кеңейту (сенімгерлік басқарудың

негізінде жұмыс істейтын келісім шарттарды жетелдіру арқылы) жолымен, одан әрі басқаруға және күту үшін контракттардың негізде мүліктік жалға алудың және әлемде әлеуметтік және тұрмыстық- коммуналдық салаларында жобаларды жүзеге асыру үшін пайдаланатын эксплуатация мен құрылысқа контракттардың жаңа түрін еңгізу.

Қазақстанда аталған мәселелерді шешу үшін және МЖС ары қарай даму үшін жаңа жасалынған ұзақ мерзімді Бағдарламаның шеңберінде дәйекті іс қимыл әрекеттерді қабылдау қажет.

Біріншіден – әлеуметтік маңызды инфрақұрылым дамуына шығындарды қалыптастыру әдістерді реформалау.

Екіншіден – МЖС тиімділігін қамту және тартылымдықты жоғарлатуына бағытталған механизмдерін еңгізу.

Үшіншіден – акпараттың ашық түрі мен транспарентность құралдарын еңгізіп бақылау мен мониторинг тұрақты жүйесін құру.

Осылайша, Қазақстанда басқарудың тиімді әдістерін нарық жағдайда өзіне қамтитын МЖС механизм жасау қажет. Сонымен қатар, бұл экономикалық қызығушылық негізінде инфрақұрылымдық жобалардың қаржыландыру көздерін тиімді іздеу механизмін қамтиды. Осындай механизмдерге ие болып мемлекетіміз әлеуметтік саланың жобаларын толықтай қаржыландырмауға болады, керісінше жартылай инфрақұрылымдық нысандардың санына жабықтау жасап ал жеке бизнес осы нысандардың қосымша қаржыландырып өз қаражаттарынын жылдам оралу бағытында үлкен нәтижеге жетуші еді. Сонымен бірге біздің ойымызша мемлекеттік қатысуымен кәсіпорындарды және МЖС тиімді даму үшін мемлекеттік менеджмент институтына көп назар аудару керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Избасаров Б.У. Государственно-частное партнерство в сфере здравоохранения. // Менеджер здравоохранения Республики Казахстан № 1(14) 2015 – с. 14-19.

2 Постановление Правительства Республики Казахстан «О проекте «Строительство 100 школ и 100 больниц на основе государственно-частного партнерства» от 2 мая 2007 года № 356.

3 Постановление Правительства Республики Казахстан «О Программе по обеспечению детей дошкольным воспитанием и обучением «Балапан» на 2010-2014 годы» от 28 мая 2010 года № 488.

4 Постановление Правительства Республики Казахстан «О Программе по обеспечению детей дошкольным воспитанием и обучением «Балапан» на 2010-2014 годы» от 28 мая 2010 года № 488.

5 Севастьянова И. Центр государственно-частного партнерства изучает применение механизмов ГЧП в жилищно-коммунальной сфере. / еженедельная газета «Панорама» - 29.05.2013 г.

6 Краткий статистический ежегодник Казахстана. Статистический сборник // под редакцией К.С. Абдиева. – Алматы. - 2014. - 184 с.

7 Ойнаров А.Р. Основные аспекты стратегического развития

государственно-частного партнерства в Казахстане // Современная экономическая политика, № 11, - 2014 – с. 30-39.

8 Паздников М. Государственно-частное партнерство: суть и понятие // <http://politmanagement.ru>

9 Agumbayeva, A.Y., Chmyshenko, E.G., Pulyaev, N.N., ...Kolesov, K.I., Amirova, E.F. Industrial transformation of Kazakhstan in digitalization's era // Journal of Advanced Research in Law and Economics, 2019, 10(6), стр. 1861–1867.

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Агумбаева А.Е